

ХАТТАМА № 4
Педагогикалық кеңес

« 28 » наурыз 2022жыл

Кеңеске жалпы қатыскандар саны– 26
Кітапханашы-2
Шағын орталық тәрбиешісі-1

Күн тәртібінде:

1. Білім алушылардың ІІІ тоқсандағы оқу қызметінің қорытындысын талдау
2. «Білім беру сапасын арттыру факторы ретінде ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс »
3. Құқық бұзушылық алдын ала шаралары туралы (баланың құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл және жасоспірімдер арасында суицидтің алдын алу шаралары)
4. Әр түрлі сұрақтар: Күнделік КЗ туралы .

Бірінші сұрақ бойынша оқу ісінің орынбасары С.Абдрахманова тыңдалды: ІІІ тоқсанның оқу қорытындысы туралы. Отчет успеваемости по КГУ «ООШ села Колутон» за ІІІ четверть 2021-2022 учебный год.

Сынып/класс	«5»	«4»	Сапа/кач %	Үлгер/ус п%	Одна «4»	Одна «3»
2 «а»	Әубәкір Ә, Серікпай А	Туребаева Г, Еркеболат А	80	100		
2 «б»	Дьяченко У	Балгабаев И, Зорина М, Куницкий А, Нуркенова А, Сергазина А	86	100	Балгабаев И (лит. чтение), Куницкий А (лит. чтение)	
3 «а»	Бейсекеев Е, Бибихан Н	-	33	100		
4 «а»	Орақбай А	Серікпай Қ, Қанатбайқызы С	60	100		Төлеген Н(казак тілі)
4 «б»		Асанов К, Нуралиева Д, Пугалов К	50	100		
Всего	6	12	62	100	2	1
5 «а»		Мәжит Е, Мусулканова Д, Марат А	42	100		

5«б»		Набиев С, Сахапов А	40	100	Сахапов А (каз. яз)	Баисентов А (матем)
6 «а»	Кожатасова Р, Құдайберген Ә	Бейсекеева А, Сагимбаева Ф, Шоқыбаев Е	50	100	Шоқыбаев Е (Қаз. тарихы)	Турсунова А (матем)
7 «а»	Абденова А	Адай А, Ахболатқызы К, Тасбулатова А Досмагамбетова Ж	56	100		
7 «б»		Асанов А	25	100		
8 «а»	Молдагайсин А, Бақболат Г	Аугалиева А, Бахатбек Ж, Куанышбеков Д, Серікпай М	75	100		
9 «а»		Бахатбек С	25	100		
9 «Б»		Зорина В, Балгабаева С, Мажит Г, Сахапов Р	40	100		
10 «а»		Рыспек С	33	100		
11 «а»		Каирова А, Абишева А	33	100		
Всего	5	25	46	100	2	1
По школе	11	37	54	100	4	2

Мектеп бойынша білім сапасы 54 % құрады.

Салыстыру сараптамалық кестесі Оқу білім сапасы әр тоқсан бойынша

I тоқсан	II тоқсан	III тоқсан
43%	47%	54%

2021-2022 оқу жылының 3 тоқсанында 1-11 сыныптарда 112 оқушы. 3тоқсанда 54% білім сапасы, үлгерім -100%, білім сапасының өткен тоқсанға караганда пайызға динамикалық өсімі байқалады. Қорытындылай келе төмен пайыз білім сапасын көрсеткен 3,7,9,10 сынып оқушыларына сабақ беретін пән мұғалімдерімен әдістемелік бірлестікте каралды. 2-11 сыныптарда тоқсандық қорытынды бойынша ата-аналар жиналысы өткізіліп, сынып оқушыларының білім сапасына талдау жасалды. 3а,7б,9а сыныптарында педконсилиум өткізіліп, сабақ беретін пән мұғалімдері оқушылардың үлгерімі, бағдарламаны меңгерулері туралы өз пікірлерін айтты. Білім сапасының 1-2-3 тоқсандық салыстырмалы мониторингісі жасалды.

Екінші сұрақ бойынша педагог-психолог А.Шокубасова тыңдалды: Қазақстан Республикасы жалпы білім берудің жүйесін жетілдірудің жана кезеңіне аяқ басты. Білім беру моделі деңгейі экономикалық және ғылыми-техникалық прогрестің ең негізгі көрсеткіші екені белгілі.Сапалы білім беру

дегеніміз- ғылымға негізделген жүйелі бағдарлама бойынша теориялық, практикалық іске қабілетті, еңбекке баулу, дүниетанымын кеңейту және баланың бойындағы бар қабілетін кемеліне келтіріп жан-жақты тұлға тәрбиелеу болып табылады. Оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз процесі- сапалы білім беру. Қазіргі кездегі білім берудегі басты мақсат- жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім, өзіндік ой - талғамы бар, адамгершілігі жоғары, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны тәрбиелеу. Бүгінгі күні әлемдік қауымдастық қатарында өзіне лайықты орын белгіленген біздің мемлекетіміз үшін жоғары білікті жас ұрпақ тәрбиелеу қажеттігі біздің 12 жылдық білім беру жүйесіне өтуді талап етіп отыр.

Білім сапасын арттыру бағдарламасының міндеттері болуы тиіс:

- басқару құжаттарын әзірлеу жүйесін дамыту;
- білім сапасын диагностикалау;
- оқытудың әдістемелік жүйесін жақсарту;
- білім сапасын бағалаудың жаңа рейтингтік формасын енгізу;
- білім сапасына мектептің күллі қызметкерлерін жұмылдыру;
- білім сапасын арттыруда жаңа технологиялао қолдану;
- ұлттық білім беру жүйесін әлемдік стандарттарға сәйкестендіру;

Білім сапасы негізінен оқу материалын игеріп қана қоймай, сонымен бірге оқушылардың интеллектуалдық және адамгершілік тұрғыдан дамуына, педагогтардың қарым-қатынасын ізгілендіруге оңды ықпал етеді.

Үшінші сұрақ бойынша оқу тәрбие ісінің орынбасары А.Жаксыбаева тыңдалды: Құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары.

Тұлғаны жан-жақты үйлесімді тәрбиелеу саласының бірі – құқықтық тәрбие. Ол қоғамның әрбір азаматының мемлекеттік заңдары аса жауапкершілікпен орындап отыруы талаптарымен тығыз байланысты. Әсіресе, оның елімізде жүріп жатқан жариялылық, құқықтық және зайырлы қоғам орнату процесімен байланысының маңызы ерекше. Ол үшін адамзаттың сан ғасыр уақыттар бойы жасап шығарған жалпы адамзаттық негіздегі моральдық нормаларын қоғамның әрбір өскелең жастарының сана- сезімімен, күнделікті мінез- құлықтарына қалыптастыру қажет. Бұл талапты іс жүзіне асыру, әсіресе елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын дамыту кезеңінде, ең бірінші кезекте құқықтық сананы тәрбиелеу мен мемлекеттік заңдарды жетілдіру процесінде жандандыру айрықша міндетті іс.

Бүгінде оқушылармен жүргізетін құқықтық тәрбиенің мазмұнын айқындауда А.С. Макаренко, В.А. Сухомлинский “Қандай да бір құқықтық тәрбие болмасын, егер ол белгілі бір мақсатпен ұйымдастырылып жеке адамның мұқтаждығына негізделсе, екіншіден, ұжымдық жұмыстарға оқушылар шаруашылықпен қатысса, соғұрлым алдыңғы буын ағалардың әлеуметтік- құқықтық жетістіктерін, тәжірибелерін қабылдап, өз мінез- құлықтарына қалыптастырады”- деп осы мәселеге қатысты айтқан пікірлеріне кен түрде басшылыққа алудың маңызы ерекше.

Төртінші сұрақ бойынша әр түрлі сұрақтар туралы айтылды.

Күнделік КЗ бойынша айтылды.

Шешім:

1. Білім алушылардың ІІІ тоқсандағы оқу білім сапасын қанағаттанарлық деп санау
2. Білім беру сапасын арттыру факторы ретінде ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмысты жалғастыру.
3. Құқық бұзушылық алдын ала шаралары жүйелі, жоспарлы түрде жүргізу

Ұсыныс: Сынып жетекшілерге:

- Оқушылардың сабақ босатпауын қамтамасыз ету,
- Пән ұстаздарымен, ата-аналармен сабақ үлгерімі бойынша тығыз қарым – қатынаста болу

Пән мұғалімдеріне:

- Пән бойынша сабақ үлгерімі көрсеткіші бойынша әр оқушы / әр сынып арасында жетістік мониторингін жүргізу
- Үлгерімі төмен оқушыларымен жеке жұмыс жоспарын жүргізу
- Дарынды балаларды айқындау әрі қолдау

Торайымы
Хатшы



А.Аксеитова
Н.Молдагайсина